ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 21 ақпан №7119-25-00-2/1245 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Трофимов» Трофимов Юрий Владимирович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Трофимов" жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Трофимов» Трофимов Юрий Владимирович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «Трофимов» Трофимов Юрий Владимирович мемлекет кірісіне 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 21.02.2025

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж.Нургалиева

Көшірмесі дұрыс:

Судья Ж.Нургалиева

Анықтама: сот шешімі заңды күшіне 02 сәуірде 2025жылы енді.

Судья Ж.Нургалиева

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 21.02.2025

7119-25-3-1/851